

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	08.05-12.05.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен				

әңгімелесу, кеңес беру	тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сұртуін, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.
			Ойын-имитация. "Дала гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Бақбақ гүл". Мақсат-міндеттер.	Саусақ жаттығуы. "Гүлдер". Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді айтқанда,

			арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру. Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді. Қандай тамаша көктем күндері! Қандай тамаша дала гүлдері! Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен, Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; жағымды эмоцияларға бөленуге жағдайлар жасау.	саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. "Гүлдер". Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, Жайнар кезім келді деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Тұманбай Молдағалиев. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. "Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады.				

	1. "Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау); 2. "Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу; 3. "Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді. 4. "Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады; 5. "Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау); 6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау); Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақта-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай. Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Неткен әдемі біздің әлем! Ғажайыптарға "Сәлем!" Ғажайыптардан көз алмайсың, Қуанып, бәрін қызықтайсың! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)				
Білім беру			Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Сурет салудан

ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			"Біз Отан қорғаушылармыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке тәрбиелеу.	"Бақ-бақ гүлі әлемінде". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру техникасына дағдыландыру; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру жаттығуына машықтандыру. Балаларды екі қолмен допты тордан алысқа лақтыра білу қабілетін дамыту; допты алысқа лақтыру дағдыларын меңгерту; допты басынан жоғары және кеудеден лақтыру кезінде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.	ойын-жаттығу "Гүлдер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетімен алдына ала танысып алуға үйрету; қағаз бетіндегі "көктемгі далаға" қою бояуға малынған қылқаламмен алдында бормен салынып қойған гүлдерге жақпа басып, тез алып отыруға жаттықтыру; "гүл шоғы" басылып шыққан сайын тағы да гүл сабағы бар бос жерлерді тауып, дәл қойып отыру қабілетін пысықтау; қағаз бетін гүлдерге толтыруға дағдыландыру; көктемгі табиғат көріністері туралы түсініктер беру.
--	--	--	---	--	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен			Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту. Көктемде гүлдейді	Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін атап, гүлдер топтамасына жатқызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер	Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.

			бұталар, Көктемде гүлдейді ағаштар, Көзге тартымды бұл гүлдер, Қонады гүлге жәндіктер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.	бақбақ. Ұп-ұзын көп жапырақ, Сап-сары гүлдер бақбақ, Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Бақбақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)	- Балалар, қарандаршы, бұл біздің көлеңкеміз. - Менің соңынман қайталап көріңдер. Тұрсақ - тұрады, Отырсақ - отырады, Қолмен бұлғасақ - бұлғайды, Соңымыздан қалмайды. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене
--	--	--	---	---	--

		(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қоюы мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! Д. Ахметова	Мақсат-міндеттер. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіріп, қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. - Балалар, біз шеңберге жиналып, бір үлкен күн болайық. Шеңберде жүріп, барлығымыз тақпаққа қосылайық. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер бақбақ. "Бақбақ" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласыңдар. Ойын екі рет	шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп, жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға,
--	--	---	--	--

			"Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	өткізіледі. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақта-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай. Ботқамыз дәмді, аппақ,				

	Болмаймыз сатпақ, Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыашар жаттығулары. Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу			Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу	Музыкадан ойын-жаттығу	Құрастырудан ойын-жаттығу

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			"Көктем келді гүл алып". Мақсат-міндеттер. Балаларға Е. Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстар туралы түсінік беру; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан мәнерлеп айтуға талпындыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоциялық ахуал тудыру.	"Билейміз гүлдермен". Мақсат-міндеттер. Балаларды көңілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға ынталандыру; топта және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту.	"Аула қақпасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды аула қақпасын және текшелерді үлгі бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдардың қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлану мүмкіндіктерін арттыру; тілі мен
--	--	--	---	--	---

					байқағыштығын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс			Ойын-имитация. "Дала гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру. Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді. Қандай тамаша көктем күндері! Қандай тамаша дала гүлдері! Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен, Жайқалып тұр қызыл, сары	"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу. "Кең дала". Алақай-ау, алақай, Дала қандай кең еді! Бәрі өзімдей балақай, Қырдың гүлін тереді. Н. Әлімқұлов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Жер шары". Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шарды илеу амалдарын игерту. (мүсіндеу)

			бастарымен. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай. Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аударып отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен табынуға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
---	--

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына деген көркем сөздің жағымды әсері", "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы".
--	--